

Асылжанова Данагуль Ерболовнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

БЕЙРЕСМИ ПІКІР

Асылжанова Данагуль Ерболовнаның диссертациялық зерттеуі шетел тілін ерте жастан оқытудың әдістемесін заманауи АКТ құралдарын қолдану арқылы жаңаша көзқараспен қарастырып, шеттілдік білім беру саласындағы маңызды мәселені шешуге арналған. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы – ақпараттық технологиялардың қазіргі білім беру үдерісіндегі рөлі мен шеттілдік білім берудің басымдықтарын ұштастыру арқылы жоғары ғылыми-әдістемелік маңыздылыққа ие.

Зерттеу барысында Асылжанова Д.Е. бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі ұғымының мәні, мазмұны мен құрылымын нақтылап, аталмыш құзыреттілікті қалыптастырудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) мүмкіндіктерін айқындады. Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін АКТ құралдары арқылы қалыптастырудың жаңа моделі жасалып, оны жүзеге асыруға ықпал ететін дидактикалық шарттар анықталды. Ұсынылған модельдің бастауыш мектеп оқушыларының ағылшын тілінде коммуникативтік ниетті жүзеге асыруға дайындығы мен қабілетін қалыптастыруда нәтижелілігі дәлелденді, өйткені бұл үдеріс когнитивті, тұлғаға бағдарланған, коммуникативті және ақпараттық-технологиялық тәсілдер негізінде жүзеге асырылды. Сондай-ақ, бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ағылшын тілі факультативтік курсына АКТ арқылы кезеңдеп қалыптастыру әдістемесі ұсынылды және оның тиімділігі тәжірибелі-эксперимент барысында дәлелденді.

Оқу үдерісіне АКТ арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «EnglishLab» факультативтік курсының оқу-әдістемелік кешенін және соған арналған авторлық «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралын ендіру аталған зерттеу жұмысының практикалық құндылығын растайды. Себебі ағылшын тілін оқыту үдерісінде заманауи білім беру технологияларын әртүрлі форматта қолдану оның өзектілігін арттырып, бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы мен шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің дамуына, сондай-ақ оқушылардың мотивациясын арттыруға ықпал ететіні көрсетілді.

Зерттеудің құрылымы дәйекті, логикалық тұрғыдан жүйеленген және ғылыми стиль талаптарына толық сай. Ғылыми аппаратта қойылған мақсаттар

мен міндеттер толық орындалған, диссертациялық жұмыстың ғылыми болжамы дәлелденген, зерттеу нәтижелері нақты негізделген. Алынған нәтижелер 2 республикалық журналда, 7 халықаралық ғылыми конференция материалдарында, 2 SCOPUS базасына кіретін ғылыми басылымда, 4 Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған басылымдарда көрініс тапты. Ізденуші өзінің ғылыми-зерттеу бағытына терең бойлап, ғылымдағы дербес ойлау қабілеті мен әдістемелік мәдениетін көрсете білді.

Асылжанова Данагуль Ерболовнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысын оң бағалай отырып, оны «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Рецензент:

Абай атындағы Қазақ Ұлттық
Педагогикалық Университетінің
профессоры, п.ғ.д. Балтабаева Ж.Қ.

